

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

ҚАУЛЫ

10.05.2020 ж.

Ақтөбе қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ ПГСВ-25

город Актөбе

**Шектеу уақытында
(оның ішінде карантин)
Ақтөбе облысы және
Ақтөбе қаласында
кәсіпкерлік нысандарының
жұмысын қайта бастау туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 150 бабын басшылыққа ала отырып және Ақтөбе облысы әкімінің жанындағы жедел штабының 2020 жылғы 29 сәуірдегі №32 хаттамасына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы аумағында 2020 жылдың 11 мамырынан бастап келесідей кәсіпкерлік нысандарының жұмысы қайта басталсын:

1) Қонақ үйлер, хостелдер және жол бойындағы кемпингтер (тамақты нөмірге жеткізумен);

2) Моншалар және сауналар.

2. Бекітілсін:

1) Қонақ үйлер, хостелдер және жол бойындағы кемпингтер (тамақты нөмірге жеткізумен) үшін коронавирустық инфекция бойынша алдын алу шараларының алгоритмі осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес;

2) Монша мен сауна үшін коронавирустық инфекция бойынша алдын алу шараларының алгоритмі осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес.

3. Өз қызметін қайта бастаған объектілер санитарлық-дезинфекциялық іс-шараларды қатаң сақтауы қажет.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Ақтөбе облысының
Бас Мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Н.А. Беркімбаева

Қонақ үйлер, хостелдер және жол бойындағы кемпингтер (тамақты нөмірге жеткізумен) үшін коронавирустық инфекция бойынша алдын алу шараларының алгоритмі

1. Объектінің аумағын дезинфекциялық құралдарын пайдалана отырып тәулігіне 1 реттен кем емес өңдеу. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау орындарының және аумақтың тазалығын, қалдықтарды уақтылы шығаруды сақтайды;
2. Объектіге келушілерді маскамен кіргізу (маска болмаған жағдайда масканы беруді қамтамасыз ету);
3. Денемен жанасатын немесе жанаспайтын әдіспен дене қызуын өлшеуге арналған аппараттарды (электрондық, инфрақызыл термометрлер, тасымалданатын тепловизорлар) қолдана отырып, ұйымға кіретін жерде қызметкерлердің дене температурасын бақылау;
4. Жедел респираторлық вирустық инфекциялар белгілері (мұрынның бітелуі, жөтел, дене қызуының көтерілуі) бар қызметкерлерді жұмыс істеуге, ал келушілерді объектіге кіруіне жол берілмесін;
5. Дезинфекциялық құралдармен үнемі ылғалдандырумен объектілерге кіре берісте дезинфекциялық төсеніш орнату;
6. Нөмірлерде адамдардың тығыздығына жол бермеу мақсатында бір адамға арналған аудан нормаларын сақтау қажет (кемінде 6м^2);
7. Келушілердің тапсырысы бойынша дайын тағамдар мен тамақ өнімдерін қонақ үйлердің, хостелдердің және жол бойындағы кемпингтердің нөмірлеріне жеткізуді жүзеге асыру;
8. Бөгде адамдардың нөмірлерге келуіне тыйым салынады;
9. Қазақстан Республикасында рұқсат етілген арнайы дезинфекциялық құралдарын қолдана отырып, әрбір 2 сағат сайын бөлмелерді ағымдағы ылғалды тазалау, сондай-ақ аптасына 1 рет күрделі тазалау жүргізу;
10. Үй-жайларды жиі желдетуді, жоспарлы алдын алу жұмыстарының кестесіне сәйкес желдету және ауаны баптау жүйесін тазартуды және дезинфекциялауды қамтамасыз ету;
11. Жұмыс орындарында өз қызметкерлерінің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолғаптар мен маскаларды, тері антисептиктерін беру. Бір рет қолданылатын маскаларды пайдалану кезінде кемінде 2 сағаттан кейін, ал бір рет қолданылатын қолғаптарды қажеттілігіне қарай ауыстыру қажет. Пайдаланылған бір реттік маскалар мен қолғаптарды полиэтилен пакетке жинап, қоқыс контейнерлеріне тастау қажет;
12. Қызметкерлер мен келушілердің қолдарын өңдеуге арналған санитайзерлерді көрнекті және қолжетімді орындарда орнату, санитайзерлерде көпфункционалды ұзақ микробқа қарсы әсері бар антисептикалық затты пайдалану;

13. Объектілердің санитариялық-тұрмыстық бөлмелерін ыстық және салқын сумен, сұйық сабынмен, электр кептіргіштерімен немесе бір рет қолданылатын майлықтармен қамтамасыз ету;

14. Жуу және дезинфекциялау құралдар, маскалар, қолғаптар мен антисептиктер қорының болуын қамтамасыз ету;

15. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін барлық объектілерде жауапты қызметкерлерді бекіту;

16. Алгоритмнің талаптары орындалмаған жағдайда кәсіпкерлік субъектісіне/объектісіне ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабының 6-бөлігі бойынша мамандандырылған сотқа беріле отырып, әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

*Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы
10 мамырдағы № ПГСВ-25 қаулысына
№1 қосымша*

Монша мен сауна үшін коронавирустық инфекция бойынша алдын алу шараларының алгоритмі

1. Объектінің аумағын дезинфекциялық құралдарын пайдалана отырып тәулігіне 1 реттен кем емес өңдеу. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау орындарының және аумақтың тазалығын, қалдықтарды уақтылы шығаруды сақтайды;

2. Объектіге келушілерді маскамен кіргізу (маска болмаған жағдайда масканы беруді қамтамасыз ету);

3. Денемен жанасатын немесе жанаспайтын әдіспен дене қызуын өлшеуге арналған аппараттарды (электрондық, инфрақызыл термометрлер, тасымалданатын тепловизорлар) қолдана отырып, ұйымға кіретін жерде қызметкерлердің дене температурасын бақылау;

4. Жедел респираторлық вирустық инфекциялар белгілері (мұрынның бітелуі, жөтел, дене қызуының көтерілуі) бар қызметкерлерді жұмыс істеуге, ал келушілерді объектіге кіруіне жол берілмесін;

5. Дезинфекциялық құралдармен үнемі ылғалдандырумен объектілерге кіре берісте дезинфекциялық төсеніш орнату;

6. Қазақстан Республикасында рұқсат етілген арнайы дезинфекциялық құралдарын қолдана отырып, әрбір 2 сағат сайын бөлмелерді ағымдағы ылғалды тазалау, сондай-ақ аптасына 1 рет күрделі тазалау жүргізу;

7. Үй-жайларды жиі желдетуді, жоспарлы алдын алу жұмыстарының кестесіне сәйкес желдету және ауаны баптау жүйесін тазартуды және дезинфекциялауды қамтамасыз ету;

8. Жұмыс орындарында өз қызметкерлерінің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолғаптар мен маскаларды, тері антисептиктерін беру. Бір рет қолданылатын маскаларды пайдалану кезінде кемінде 2 сағаттан кейін, ал бір рет қолданылатын қолғаптарды қажеттілігіне қарай ауыстыру қажет. Пайдаланылған бір реттік маскалар мен қолғаптарды полиэтилен пакетке жинап, қоқыс контейнерлеріне тастау қажет;

9. Қызметкерлер мен келушілердің қолдарын өңдеуге арналған санитайзерлерді көрнекті және қолжетімді орындарда орнату, санитайзерлерде көпфункционалды ұзақ микробқа қарсы әсері бар антисептикалық затты пайдалану;

10. Объектілердің санитариялық-тұрмыстық бөлмелерін ыстық және салқын сумен, сұйық сабынмен, электр кептіргіштерімен немесе бір рет қолданылатын майлықтармен қамтамасыз ету;

11. Жуу және дезинфекциялау құралдар, маскалар, қолғаптар мен антисептиктер қорының болуын қамтамасыз ету;

12. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін барлық объектілерде жауапты қызметкерлерді бекіту;

13. Алгоритмнің талаптары орындалмаған жағдайда кәсіпкерлік субъектісіне/объектісіне ҚР ӘҚБТК-нің 476-бабының 6-бөлігі бойынша мамандандырылған сотқа беріле отырып, әкімшілік жауапкершілікке тартылады.